1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон, аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=8, ЕЖҚ=24% анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№ 1-бекеттің аумағында) **күкіртті сутегімен**, (№ 3-бекеттің аумағында) **фенолмен** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,7 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, озон – 2,2 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, фенол – 2,4 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 2,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 5,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 8,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 4,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


#### 8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

### 8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Дмитров көшесі,212 және Степан Рамзин көшесі	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, фенол, аммиак
4			б-шағынаудан Амангелді/ Теміртаукөшелері	
5			3 «а» шағынауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі



	сайын		оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, формальдегид, көмір сутегісінің сомасы, метан
--	-------	--	--



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=7, ЕЖҚ=23% анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы **күкірт диоксидімен** (№ 2-бекеттің аумағында) және **фенолмен** (№ 5-бекеттің аумағында) басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) және РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 2,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, аммиак – 1,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) және РМ-10 қалқыма бөлшектер бойынша – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 7,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 4,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 6,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 2,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 2,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 14 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Көкпекті, Қара Кеңгір өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Қоргалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Нұра-Есил арнасы, Балқаш көлі.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

**Нұра** өзені: су температурасы 14,2–25,3°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,06 судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,56 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,10 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (фториттер – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,6 ШЖШ, мыс (2+) – 4,8 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00005 мг/дм<sup>3</sup>, максималды концентрациясы – 0,00029 мг/дм<sup>3</sup>.

**Самарқан** су қоймасында: су температурасы 17,0 – 24,2°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,21, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,54 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,07 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (фториттер – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,5 ШЖШ, мыс (2+) – 4,0 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

«Арселор Миттал Темир-Тау» АҚ және «ГЭМК» АҚ ағынды сулар арнасында су температурасы 18,6 – 23,6°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,92, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,96 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,36 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (сульфаттар – 2,5 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,9 ШЖШ, мыс (2+) – 3,8 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,6 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00014 мг/дм<sup>3</sup>, максималды шамасы – 0,00018 мг/дм<sup>3</sup> құраған.

**Соқыр** өзені: су температурасы 19,8 – 27,2°C, сутегі көрсеткіші 8,53 судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,63 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,03 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (хлоридтер – 1,6 ШЖШ, сульфаттар – 4,1 ШЖШ, магний – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,8 ШЖШ, нитритті азот – 10,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 5,5 ШЖШ, мыс (2+) – 5,4 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 3,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Шерубайнұра** өзені: су температурасы 19,4 – 26,0°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,47, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,35 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,03 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (хлоридтер – 1,6 ШЖШ, сульфаттар – 4,6 ШЖШ, магний – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,7 ШЖШ, нитритті азот – 8,5 ШЖШ, фториттер – 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 7,4 ШЖШ, мыс (2+) – 4,9 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Көкпекті өзені** су температурасы 16,5 – 25,2 °С, сутегі көрсеткіші – 8,29, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,93 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,23 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (хлоридтер – 1,4 ШЖШ, сульфаттар – 1,9 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,5 ШЖШ, мыс (2+) – 5,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,8 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Кенгір** су қоймасыда су температурасы – 17,0°С, сутегі көрсеткіші 7,72, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,41 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,41 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (марганец (2+) – 1,5 ШЖШ, мыс (2+) – 4,1 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 2,6ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Қара Кеңгір** өзенінде су температурасы 17,6 – 18,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,43, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,27 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,87 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 21,9ШЖШ, нитритті азот – 6,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 5,0 ШЖШ, мыс (2+) – 5,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 1,2 ШЖШ, фенолдар – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Шолақ көлінде** су температурасы 19,0 °С, сутегі көрсеткіші – 7,69, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,33 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,12 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 1,7 ШЖШ, мыс (2+) – 1,9 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Есей көлінде:** су температурасы 19,1°С, сутегі көрсеткіші – 8,06, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,82 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,13 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (хлоридтер – 2,4 ШЖШ, сульфаттар – 2,6 ШЖШ, магний – 2,6 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 1,8 ШЖШ, мыс (2+) – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Сұлтанкелді көлінде** су температурасы 19,0°С, сутегі көрсеткіші – 7,82, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,84 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,63 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (хлоридтер – 1,6 ШЖШ, сульфаттар – 2,3 ШЖШ, магний – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 1,9 ШЖШ, мыс (2+) – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Қоқай көлінде** су температурасы 19,4°С, сутегі көрсеткіші – 8,16, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,15 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,12 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (хлоридтер – 1,6 ШЖШ, сульфаттар – 1,9 ШЖШ, магний – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 1,7 ШЖШ, мыс (2+) – 2,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Нұра-Есіл арнасы** су температурасы 17,4°С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,07, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,93 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,04 мг/дм<sup>3</sup>.

Негізі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,0 ШЖШ, мыс (2+) – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

Балқаш көлі суының температурасы  $18-22 \text{ }^\circ\text{C}$ , сутектік көрсеткіш 8,53, суда еріген оттегінің шоғыры –  $8,63 \text{ мг/дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub> –  $0,81 \text{ мг/дм}^3$ . Ауыр металдар (мыс (2+) – 10,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 3,7 ШЖШ) және органикалық заттар (фенолдар – 1,9 ШЖШ, мұнайөнімдері – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары тіркелген.

Қарағанды облысы жер үсті суларының су сапасы 2017 жылдың маусым айында келесі түрде бағаланады:

*«ластанудың орташа деңгейіндегі»* – Нұра өз., Көкпекті өз., Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай көлдері және Нұра-Есіл арнасы;

*«ластанудың жоғары деңгейіндегі»* – Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендері, Балқаш көлі.

2016 жылғы маусым айымен салыстырғанда Нұра, Көкпекті өзендері, Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай көлдерінде, Нұра-Есіл арнасында су сапасы жақсарған, қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

2017 жылғы маусым айында ОБТ<sub>5</sub> шамасы бойынша су сапасы келесі түрде бағаланды: Кеңгір су қоймасы мен Қара Кеңгір өзеніндегі *«ластанудың орташа деңгейінде»*. Қалған су нысандарында *«нормативті таза»* су деп бағаланды.

2016 жылғы маусым айымен салыстырғанда, ОБТ<sub>5</sub> бойынша Кеңгір су қоймасы және Қара Кеңгір өзенінде су сапасы нашарланған. Ал қалған су нысандарында айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты (кесте 4).

Облыс аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Қара Кеңгір өзені - 3 ЖЛ жағдайы, Соқыр өзені – 1 ЖЛ жағдайы (кесте 5).

## **8.7 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы**

**Нұра өзені.** Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды және жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 88% құрады. Көк-жасыл балдырлар 12% ғана жалпы биомассаны құруға қатысты. Су сынамасындағы түрлер саны 9-19 аралығында болып, орташа сан 14 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны  $0,30$  мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы  $0,197 \text{ мг/дм}^3$  тең болды. Жоғары сапроб индексі Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." және "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." тұстамаларында 1,92 және 1,94 құрады. Орташа сапроб индексі 1,85, яғни үшінші класқа сәйкес "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасындағы орташа түр саны - 5. Ескекәяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 73% құрады. Талшықмұрты шаяндар 25%, домалақ құрттар 2% зоопланктонның жалпы

биомассасын құруға қатысты. Жалпы орташа саны 4,89 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 54,87 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 1,64 – 2,05 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,85 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Нұра өзеніндегі перифитонның түрлік құрамы. Диатомды балдырлардан: *Cymbella*, *Navicula*, *Pinnularia*, *Synedra* кездесті. *Caloneis* және басқаларының су сынамасында кездесу жиілігі 5-7-9 көрсетіп отыр. Көк-жасыл және кірпікшелі инфузориялардың кездесу жиілігі 1-2 құрады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ластанған аймақтарға Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." және "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." (2,05;1,99) тұстамалары жатады. Сапроб индексі 1,82 – 2,05 аралығында болды. Орташа сапроб индексі 1,90. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің түпкі фаунасында бауыраяқты ұлулар (*Gastropoda*), шаянтәрізділер (*Crustacea*), жылғалықтар (*Trichoptera*) және жәндіктердің дернәсілдері кездесті. Жәндіктердің ішінен көктемдік (*Plecoptera*), біркүндік (*Ephemeroptera*), қос қанаттылар (*Diptera*), өрмекшілер (*Arachnida*), қоңыздар (*Coleoptera*), қандала (*Hemiptera*) сияқтылардың дернәсілдері басым болды. Өзенде сапроб түр-көрсеткіштер көп кездесті. Оларға *Caenus horaria* ( $\alpha$ -1,2), *Centoptilum luteolum* ( $\beta$ -1,85), *Baetis* sp. ( $\alpha$ - $\beta$ -1,5), *Gammarus pulex* ( $\chi$ - $\beta$ -0,65), *Hydropsyche* sp. ( $\alpha$ -1,95), *Tabanus* sp. ( $\beta$ - $\alpha$ -2,35) және тағы басқалары жатады. Орташа биотикалық индексі 5 тең болды. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде Нұра өзенінің тұстамаларында тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы) нәтижесі төмендегідей: Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км жоғары..." - 7%, Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен...", "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." - 3%, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі, Ақмешіт ауылы - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

**Шерубайнұра өзені.** Фитопланктон жақсы дамыды. Альгофлора негізін 68% диатомды балдырлар, ал жасыл балдырлар 32% жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны 0,39 мың дана/м<sup>3</sup>, жалпы биомассасы – 0,278 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 16. Сапроб индексі - 1,96. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамасында 4 түрімен ұсынылды. Домалақ құрттар 83% зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Жалпы саны 0,06 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 1,09 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 2,01. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон түрдің әртүрлілігімен сипатталды. Диатомды балдырлардан кездесу жиілігі 5-9 болатын *Fragillaria*, *Navicula*, *Rhoicosphenia*, *Synedra* және *Tabellaria* басым болды. Жасыл балдырлардан *Cladophora*, *Closterium*, *Coelastrum* және *Scenedesmus* кездесті. Көк-жасыл балдырлардан *Oscillatoria brevis*, эвгленалылардан *Euglena spirogyra* мен *Phacus agilis* басымдылық көрсетті.

Сапроб индексі 1,85. Перифитонның зеттелуі бойынша, су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы) өзен бойынша 0% тең болды. Уытты әсері анықталған жоқ.

**Қара Кеңгір өзені.** Фитопланктонның жалпы биомассасының 76% -ын диатомды және 24% жасыл, көк-жасыл балдырлар құрады. Басқа балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны мен биомассасы 0,24 мың кл/см<sup>3</sup>, 0,074 мг/дм<sup>3</sup>. Сынамадағы түрлер саны – 11. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,81, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы орташа дамыған. Оның негізін талшықмұрты шаяндар құрап, жалпы зоопланктонның 62% құрады. Орташа жалпы саны 3,33 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 34,43 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі – 1,73, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны Жезқазған қаласы, «Қазақмыс (2+)» корпорациясы кәсіпорны "ағынды сулар шығарылымынан 0,2 км жоғары" және "ағынды сулар шығарылымынан 5,5 км төмен" тұстамасында 97% көрсетті. Тест-көрсеткіш 3% тең. Жезқазған қаласы, «Қазақмыс (2+)» корпорациясы кәсіпорны "ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен" тұстамасында тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

**Самарқан су қоймасы.** Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін диатомды балдырлар құрады. Жалпы саны 0,25 мың кл/см<sup>3</sup>, биомассасы 0,134 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 15. Диатомды балдырлар ішінен: *Cyclotella comta*, *Stephanodiscus astraca* көбірек кездесті. Жасыл балдырлар ішінен *Scenedesmus quadricauda* басым кездесті. Сапроб индексі 1,64, яғни, 3класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Оның негізін ескекеяқты шаяндар құрап, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Сынамадағы түр саны – 2. Жалпы орташа саны 0,75 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 7,5 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,65, яғни, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон негізін диатомды балдырлардың *Cumatopleura*, *Rhoicosphenia*, *Stephanodiscus* және *Synedra* түрлері көптеп кездесті. Көк-жасыл және эвгленалы балдырлар сирек кездесті. β-мезасапробты аймақтың мекендеушілері басым болды. Сапроб индексі 1,92, су класы - үшінші.

Зообентос шаянтәрізділер (Crustacea) – *Gammarus pulex* (χ-β-0,65) мен жылғалықтардан (*Stenophylax stellatus* о-β-1,25) құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы – 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

**Кеңгір су қоймасы.** Фитопланктон жақсы дамыды. Жалпы саны мен биомасса жағынан жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 81%

құрады. Жалпы саны орташа 0,27 мың кл/см<sup>3</sup>, ал биомасса 0,301 мг/дм<sup>3</sup> болды. Сапроб индексі 1,75. Су класы – 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктонның 61% көрсетті. талшық мұртты шаяндардың пайыздық мөлшері 39% тең болды. Орташа саны 9,0 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 107,5 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,73, су класы – үшінші, яғни "орташа ластанған".

Су қоймадағы биотестілеу нәтижесіне сәйкес зерттелген су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең.

**Қорғалжын көлдер. Шолақ көлі.** Фитопланктонда диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 37% құрады. Жасыл балдырлар тек 28 % , көк-жасыл балдырлар 35% ғана биомассаны құруға қатысты. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,27 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,214 мг/м<sup>3</sup>, су сынамаcындағы түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,75, яғни, 3 класс , "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі жақсы дамыған. Ескекаяқты шаяндар басым болып, 85% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы саны 9,67 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 117,3 мг/м<sup>3</sup>. Олигобета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,87.

Перифитон диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырдан *Суматорлеура*, *Navicula* және *Pinnularia* кездесті. Жасыл және көк-жасыл балдырлардың тығыздығы төмен болды. Балдырлардың негізгі бөлігі β-мезосапробты организмдерге жатады. Сапроб индексі 2,12. Су класы – үшінші.

Зообентос ұлулардан (*Anodonta cygnea*, *Planorbis pianorbis* и *Planorbis spirorbis*), қос қанаттылар (*Tipula* sp.) және жылғалықтар (*Glyphotaelius punctatineatus*). Биотикалық индексті анықтау барысында ,зерттелген аймақ "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

**Есей көлі.** Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 65% құрады. Диатомды балдырлардың түрлерінен: *Cymbella*, *Synedra* басымырақ кездесті. Жалпы саны 0,22 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,123 мг/м<sup>3</sup>. Орташа сапроб индексі 1,81, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон жақсы дамыды. Талшық мұртты шаяндар басым болып, жалпы зоопланктонның 64% құрады. Ескекаяқты шаяндар 28%, домалақ құрттар 8% құрады. Жалпы саны 4,38 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 45,62 мг/м<sup>3</sup>. Бета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,75. Су сапасы "орташа ластанған".

Перифитон диатомды балдырлармен - *Rhizosolenia longiseta*, көк-жасыл балдырлармен-*Chroococcus turgidus*, *Gomphosphaeria rosea*, *Merismopedia tenuissima* және эвгленалылардан -*Euglena spirogyra* құралды. Орташа сапроб индексі 1,64, яғни, 3 класс "орташа ластанған" су сапасы.

Есей өзенінің бентос құрамы бауыраяқты ұлулармен ұсынылды (*Gastropoda*): *Anisus spirorbis* және *Anisus vortex*. Зерттелген су айдынында биотикалық индекс

бета-мезосапробты аймақ аралығында болды. Су айдыны "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

**Сұлтанкелді көлі.** Фитопланктон жақсы дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Орташа жалпы саны 0,13 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,062 мг/м<sup>3</sup>. Түрлер саны – 9. Сапроб индексі 1,70. Су сапасы "орташа ластанған" .

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Су сынамаcында талшықмұртты және ескеаяқты шаяндар кездесті. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, 94,5% көрсетті. Сынамадағы орташа түр саны – 5. Зоопланктон саны 1,75 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 19,75 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,60-1,62 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,61 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы "орташа ластанған" , 3 класты көрсетті.

Перифитон негізін диатомды балдырлар, соның ішінен *Cyclotella*, *Symbella*, *Eunotia*, *Synedra* түрлері кездесті. Басқа топ балдырлардың кездесу жиілігі 1-ге тең болды. Сапроб индексі 1,56, яғни, 3 класс "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зообентос бауыр аяқты ұлулардан (*Gastropoda*): *Lymnaea auricularia*, *L.peregra*, *L. stagnalis* және *Planorbis planorbis* түрлерінен құралды. Биотикалық индекс – 5. Су класы үшінші.

**Қоқай көлі.** Фитопланктон жақсы дамыған. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 68% құрады. Жалпы орташа саны 0,25 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,124 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сынамадағы түр саны- 13. Сапроб индексі 1,66. Су класы – үшінші, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамаcында сан жағынан талшық мұртты шаяндар басым болды (100%). Бұл кезеңде орташа саны 2,88 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 40,5 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,53 – 1,56 аралығында болып, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитон негізі *Symbella ventricosa*, *Nitzschia sigmoidea*, *Rhoicosphenia curvata* сияқты диатомды балдырлардан құралды. Кездесу жиілігі 1-2. Сапроб индексі 1,68. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Бентос негізін бауыраяқты ұлулар құрады. Зерттеліп отырған су айдынында сапроб аймағы β-мезосапробты аралығында болып, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

**Балқаш көлі.** Фитопланктон негізін диатомды балдырлар құрады. Жалпы саны 0,11 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,053 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сынамадағы түр саны - 8. Сапроб индексі 1,70 – 1,84 аралығында болып, орташа сан 1,75 құрады. Су сапасы "орташа ластанған".

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық танытты. Орташа саны 5,0 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 45,88 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,70 – 1,81 аралығында болды. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес, Балқаш көлінің тест-көрсеткіші кему ретімен орналастырылды: Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км - 7%; Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік



жағалауынан 38,5 км - 3%; Тараңғалық шығанағы, А 130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км - 3%; Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км - 3%; бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км - 3%; Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км - 0%; бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км - 0%; бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км - 0%; Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км - 0%; Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **8.8 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) бақылау жүргізілді (8.6 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11-0,21мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,15 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### **8.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынағасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,3 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6 – сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 9 Қостанай облысының қоршаған орта жай-күйі


### 9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3			Доцанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
4			Маяков көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы

жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары азот оксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


## 9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			мешіттің маңы	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей), СИ=1



(төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы көміртегі оксидімен (№6 бекет аумағында) басым ластанған.

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


### 9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ=27% (жоғары деңгей), СИ=3 (көтеріңкі деңгей) және анықталды (1,2-сур.). Кент ауасы **күкіртті сутегімен** басым ластанған.

Жалпы кент бойынша орташа айлық шоғырлар лаптаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары күкіртті сутегі – 3,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа лаптаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

#### **9.4 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы**

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 3 су нысанында: Тобыл, Айет, Тоғызақ.

**Тобыл өзені** судың температурасы 13,8-18,8 °С, сутегі көрсеткіші 7,86 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 7,36 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 2,35 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,2 ШЖШ, сульфаттар 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 4,5 ШЖШ, никель 8,2 ШЖШ, марганец (2+) 4,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенол 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Айет** өзенінде судың температурасы 15,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,93 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 7,19 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 3,15 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 1,5 ШЖШ, магний 1,1), ауыр металдар (мыс (2+) 3,0 ШЖШ, никель 9,1 ШЖШ, марганец (2+) 3,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Тоғызақ** өзенінде судың температурасы 14,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,90 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 6,48 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 6,60 мг/дм<sup>3</sup>, Негізгі иондар (магний 1,4, сульфаттар 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,0 ШЖШ, никель 6,6 ШЖШ, мырыш (2+) 1,5 ШЖШ), органикалық заттары (мұнай өнімдері 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қостанай облысы аумағында су объектілеріндегі судың сапасы былай бағаланады:

«ластануың жоғары деңгейі» - Тобыл, Айет өзендері;

«ластануы орташа деңгейі» - Тоғызақ өзені.

2016 жылдың маусым айымен салыстырғанда Тоғызақ өзенінде су сапасы өте өзгерген жоқ; Тобыл, Айет өзендерінің су сапасы – нашарланған.

5 тәулік ішінде оттегіні биохимиялық тұтыну бойынша су сапасы «*нормативті таза*»- Тобыл өз; «ластануы деңгейі орташа» - Айет, Тоғызақ өзендері.

2016 жылдың маусым айымен салыстырғанда 5 тәулік ішінде оттегіні биохимиялық тұтыну бойынша су сапасы Тобыл өзенінде су сапасы өзгерген жоқ; Тоғызақ, Айет өзендерінің су сапасы – нашарланған.

Оттегі режимі қалыпты (кесте 4).

## 9.5 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық станцияларда (Жітіқара, Докучаевка, Қарасу, Комсомолец, Қостанай, Урицкий) және Қостанай (№2, №4 ЛББ), Рудный қалаларының (№5, №6 ЛББ) автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (9.7 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,09-0,18 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 9.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Жітіқара, Қостанай) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.7-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,4 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.4 – сурет. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


### 10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Төреқұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
3			Сырдария өзенінің сол жағалауы, «Аэрологиялық станса»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид, көмірсутегісінің сомасы, метан



10.1-сурет. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=1% анықталды (1,2-сур.).

Қала ауасы **PM-10 қалқыма бөлшектер, PM-2,5 қалқыма бөлшектер (№2 бекет аумағында)** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар күкірт диоксиді – 2,1 ШЖШ<sub>0,т</sub>, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды-бірлік шоғырлары PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


## 10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


### 10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид



10.3-сурет. Төретама кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

#### **10.4 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы**

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізіледі: Сырдария өзені және Арал теңізі.

**Сырдария** өзені суының температурасы 18,6-23°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні – 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры 4,89 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 1,22 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,5 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,6 ШЖШ,) биогенді заттар (жалпы темір 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Арал теңізі** суының температурасы 15,2°C, сутектік көрсеткіш – 7,9, суда еріген оттегінің шоғыры 5,36 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 1,3 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,0 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,7 ШЖШ,) биогенді заттар (жалпы темір 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сырдария өзені су сапасы және Арал теңізі суының сапасы «ластанудың орташа деңгейі».

2016 жылдың маусы айымен салыстырсақ Сырдария өзені және Арал теңізі суы өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты (кесте 4).

#### **10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі) және Қызылорда қаласы(№3 ЛББ)мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам(№1 ЛББ)кенттерінің3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,19 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### **10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында2 метеорологиялық станцияларда

(Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-1,3 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.4 – сурет. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

### 11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, Жайық-Каспий экология департаментінің аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			« Морпорт Ақтау» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак



11.1-сурет. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ=5% анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№ 6-бекет аумағында) **PM-10 қалқыма бөлшектері және күкіртті сутегімен** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) - 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон – 3,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері – 4,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 3,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар


Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы,
2			метеостансаның маңы	







				күкіртті сутегі, аммиак
--	--	--	--	----------------------------



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=5 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) анықталды (1,2 -сур.). Кент ауасы **PM-10 қалқыма бөлшектерімен** басым ластанған.

